

## Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу туралы

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 18 тамыздағы № 554 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 тамызда № 9388 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

### 1. Мыналар:

1) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес;

2) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмейтін іргелес аумақтардың шекаралары осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Фищук

Қостанай аудандық мәслихатының хатшысы

А. Аксуатова

Қостанай

аудандық мәслихатының

2020 жылғы 18 тамыздағы

№ 554 шешіміне

1-қосымша

## Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар

**Ескерту.** 1-қосымшага өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 23.04.2024 № 167 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруға және өткізуге арналған мамандандырылған орындар
1	Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесінің бойында орналасқан "Жаңару" саябақ аймагы
2	Тобыл қаласы, Терешкова көшесінің бойында орналасқан "Затоболең" стадионы алдындағы алаң
Демонстрациялар, шерулер өткізу үшін арнайы маршрут	

Тобыл қаласы, Терешкова көшесі бойындағы "Затоболең" стадионы алдындағы алаңнан Тәуелсіздік көшесі бойындағы "Тыл - Фронту" мемориалына дейін

Қостанай  
аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 18 тамыздағы  
№ 554 шешіміне  
2-қосымша

**Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмейтін іргелес аумақтардың шекаралары**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар, сондай-ақ пикеттеуді өткізуге жол берілмейтін іргелес аумақтардың шекаралары (бұдан әрі - тәртіп) Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген Қазақстан Республикасы азаматтарының бейбіт және қаруызы жиналып, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер мен пикеттеу өткізу құқығын іске асыру мақсатында "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" 2020 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі - Зан) сәйкес әзірленді.

2. Осы тәртіpte мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бейбіт жиналыс - сипатына қарай бейбіт, күш қолданылмайтын және қаруланбайтын, мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, халықтың имандылығын, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделеріне қатер төндірмейтін болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары жиналыс, митинг пен демонстрация, шеру мен пикеттеу нысанында өткізетін жария іс-шара;

2) бейбіт жиналысқа қатысушы - бейбіт жиналысқа өз еркімен қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы;

3) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орын (бұдан әрі - арнайы орын) - ауданның жергілікті өкілді органы бейбіт жиналыстар өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ пайдаланылатын орын немесе жүру маршруты;

4) бейбіт жиналысты ұйымдастыруши - бейбіт жиналыс өткізуге бастамашы болатын, оны өткізуді ұйымдастыратын және бейбіт жиналыс барысы мен оған қатысушыларға басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматы немесе кәмелетке толған азаматтарының тобы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген заңды тұлға;

5) жергілікті атқаруши орган - ауданның әкімі басқаратын, өз құзыretі шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқаруши орган;

6) іргелес аумақ - ғимараттар, құрылыштар, қоршаулар, құрылыш алаңшаларының, сауда, жарнама объектілеріне және заңды немесе жеке тұлғалардың балансындағы, меншігіндегі, иелігіндегі, жалға алуындағы басқа объектілер шекараларына тікелей ( периметрі бойынша 5 метр шекарадағы) жанасып жатқан аумақ.

## **2. Арнайы орындарды пайдалану тәртібі**

3. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу күш қолданылмайтын сипат, заңдылық, мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық сақтауды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, қатысу еріктілігі, бейбіт жиналыстар өткізу пайдасына презумпция, тараптар жауаптылығы қагидаттарына негізделеді.

4. Бейбіт жиналыстар арнайы орындарда өткізіледі. Пикеттеуді қоспағанда, өзге орындарда бейбіт жиналыстарды өткізуге жол берілмейді.

5. Арнайы орындар санитариялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі қагидаларын сақтай отырып пайдаланылады. Арнайы орындарда жоспарланған басқа да ресми, мәдени, ойын-сауық мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізу, құрылыш-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру туралы акпарат болмаған жағдайда, бейбіт жиналыстарды өткізуге жол беріледі.

6. Бейбіт жиналыстар өткізу кезінде ұйымдастырушилар мен қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтауы қажет. Бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушилар мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулықты сақтауды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында бейбіт жиналыстарға қатысушылармен түсіндіру жұмысын жүргізуі қажет.

7. Құқық қорғау органдары бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, денсаулық сақтауды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған барлық шараларды қабылдауы қажет.

8. Бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушиларға медициналық және өзге де қажетті көмек беру құзыretі шегінде жәрдем көрсетуі қажет.

9. Бейбіт жиналыстарды өткізу кезінде бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы мен қатысушылар Заңың 5, 6-баптарының талаптарын сақтауы қажет.

10. Журналистерге (бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне) бейбіт жиналыстар өткізілу кезінде бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы мен қатысушылардың, сондай-ақ мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметкерлерінің заңды әрекеттеріне және көліктің, инфрақұрылым объектілерінің іркіліссіз жұмыс істеуі, мүліктің сақталуы үшін бөгет жасайтын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарға қатыспайтын азаматтардың еркін жүріп-тұруына кедергі келтіретін әрекеттер жасауына жол берілмейді.

11. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жүру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастыруышыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

12. Арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір уақытта дәл сол бір объектіде екі және одан көп пикет өткізуге жол берілмейді. Пикеттеу ұзақтығы, арнайы орындарды қоспағанда, дәл сол бір жерде дәл сол бір объектіде құніне екі сағаттан аспауға тиіс.

13. Бейбіт жиналыстарды бейбіт жиналыстар өткізілетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

14. Заңың 17 және 18-баптарында көзделген жағдайларда жергілікті атқарушы органның талап етуі бойынша бейбіт жиналыстар тоқтатылады және (немесе) тоқтатыла тұрады.

### 3. Арнайы орындардың шекті толу нормалары

15. Арнайы орындардың мынадай шекті толу нормалары айқындалсын:

1) Тобыл қаласы, Тәуелсіздік көшесінің бойында орналасқан "Жаңару" саябақ аймағы - жиналысқа, митингке қатысатын адамдардың шекті саны 150 адамнан аспайды;

2) Тобыл қаласы, Терешкова көшесінің бойында орналасқан "Затоболец" стадионы алдындағы алаң - жиналысқа, митингке қатысатын адамдардың шекті саны 70 адамнан аспайды.

16. Демонстрациялар, шерулер өткізу үшін арнайы маршруттың шекті толу нормасы айқындалсын, 100 адамнан аспайды.

17. Әлеуметтік қашықтықты сақтау мақсатында, пикеттеуден басқа, бейбіт жиналысқа қатысатын адамдардың арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде екі метрді құрайды.

18. Пикеттеуді жүзеге асыратын адамдар арасындағы ең аз рұқсат етілген қашықтық кемінде 100 метрді құрайды.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 23.04.2024 № 167 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

#### **4. Арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

19. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастыруши мен қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер Занда және Қазақстан Республикасының өзге де зандарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

#### **5. Пикеттеуді өткізуге жол берілмейтін іргелес аумақтардың шекаралары**

20. Мынадай объектілердің іргелес аумақтарының шекараларынан 800 метр қашықтықта пикет өткізуге жол берілмейді:

- 1) жаппай жерлеу орындары;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілері және оларға іргелес аумақтар;
- 3) ауданың қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес аумақтар;
- 4) пайдалану қауіпсіздік техникасының арнайы қағидаларын сақтауды талап ететін қауіпті өндірістік объектілерге және өзге де объектілерге іргелес аумақтар;
- 5) магистральдық темір жол желілері, магистральдық құбырлар, ұлттық электр желісі, магистральдық байланыс желілері және оларға іргелес аумақтар.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 23.04.2024 № 167 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**